


# «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

# папкасы

**2024-2025 оқу жылы**

Сканировано с CamScanner

ҚР Оқу-ағарту министрлігі

Біртұтас тәрбие

# «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ: ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ АЛГОРИТМІ



Сканировано с CamScanner

# Мемлекет Басшысының тапсырмасы:
## мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңарту




*(Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысы)*

*Қағидамыз – **әділдік**,*
*тірегіміз – **жауапкершілік**,*
*мақсатымыз – **өрлеу***

*Қ.Тоқаев*



Сканировано с CamScanner

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың **«Әділетті Қазақстан – Адал азамат»** атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды.

2023 жылы **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың **«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс»** атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады.

Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар.

№194 30.07.24 2-қосымша

Сканировано с CamScanner

# Кіріспе

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың[1] «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ
- БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ
- ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК
- ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП
- ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК
- ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі 15 наурыз 2024 жыл



Сканировано с CamScanner

## Құндылықтардың айларға бөлінісі

| | |
|---|---|
| Қыркүйек<br>ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ | Қазан<br>ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ |
| Қараша<br>ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ | Желтоқсан<br>БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ |
| Қаңтар<br>ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ | Ақпан<br>ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ |
| Наурыз<br>ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ | Сәуір<br>ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ |
| Мамыр<br>БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ | Маусым<br>ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ |
| Шілде<br>ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ | Тамыз<br>ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ |

Сканировано с CamScanner

# Әр айдың іс-шаралары

**күнделікті**

- **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

Сканировано с CamScanner

| | |
|---|---|
| апта сайын | • **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды<br>• **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.<br>• **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу |

Сканировано с CamScanner







# АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас
- Өмірге салауатты қадам
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам









Сканировано с CamScanner

# Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу

## Жобалар

Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары

**«Қамқор»**

Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу

**«Еңбегі адал - жас өрен»**

Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

**«SMART BALA»**

Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

**«Шабыт»**

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

**«Ұшқыр ой алаңы»**

Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

**«Балалар кітапханасы»**

Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

Сканировано с CamScanner

# Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралардың тақырыптық күнтізбесі

| Жобалар | Іс-шаралар | Қыркүйек Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы | Қазан Тәуелсіздік және отаншылдық айы | Қараша Әділдік және жауапкершілік айы | Желтоқсан Бірлік және ынтымақ айы | Қаңтар Заң және тәртіп айы | Ақпан Жасампаздық пен жаңашылдық айы | Наурыз Тәуелсіздік және отаншылдық айы | Сәуір Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы | Мамыр Бірлік және ынтымақ айы | Маусым Жасампаздық пен жаңашылдық айы | Шілде-Тамыз Заң және тәртіп айы | Жыл бойы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ҚАМҚОР | «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет | | + | | | | | | | | | | |
| | «Жер сағаты» экологиялық акциясы | | | | | | | + | | | | | |
| | «Түлектердің ағаш егуі» эко челлендж | | | | | | | | + | | | | |
| | «Табиғатқа қамқорлық жасайық» акциясы | | | | | | | | | | | | + |
| ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН | «Күзгі асар» жәрмеңкесі | | + | | | | | | | | | | |
| | Мамандықтар әлемі | | | | | | | | | | | | + |
| | Мектептің әлеуметтік желілерінде жариялау | | | | | | | | | | | | + |
| | «Мамандықтар марафоны» байқауы | | | | | + | | | | | | | |
| ШАБЫТ | «Дананың ұстаздан» челленджі | | + | | | | | | | | | | |
| | «Ұлттық мәдениет» көрмесі | | | | | | | + | | | | | |
| | «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі | | | | | | | | | + | | | |
| | «Мектеп театры» | | | + | | | | + | | | | | |
| | «Ананың аялы алақаны» челленджі | | | | | | | + | | | | | |
| | «Әншуақ» фестивалі | | | | | | | | | + | | | |
| | «Домбыра күні» концерт және көрме | | | | | | | | | | + | | |
| ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ | Дебат | | + | | + | | + | | + | | | | |
| | Зияткерлік ойындар | | | + | | + | | | | | | | |
| SMART BALA | «Startup» байқауы | | | + | | | + | | | | | | |
| | «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы | | | | | + | | | | | | | |
| БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ | Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап көйіпкерлері байқауы | | | | + | | | | | | + | | |
| | «Кітаптар айналымы» акциясы | | | | | | | | | | | | + |
| | «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі | | | | | | + | | | | | | |
| АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ | Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру | + | | | | | | | | | | | |
| | «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі | + | | | | | | | | | | | |
| | Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы | | | | | | | | | + | | | |
| | «Балаларды қорғау күні» акциясы | | | | | | | | | | + | | |
| | «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сынып | | | | | | | | | | + | | |
| | «Атадан өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сыныбы | | | | | | | | + | | | | |
| АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ | «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы | | | | | | | | | | | | + |
| | Бұлланггтен қорған! | | | | | | | | | | | | + |
| | Оқынға салауатты көзқарас | | | | | | | | | | | | + |
| | Өмірге салауатты қадам | | | | | | | | | | | | + |
| | Қоғамдық мүлікті қорға! | | | | | | | | | | | | + |
| | Қауіпсіз қоғам | | | | | | | | | | | | + |
| | Қауіпсіздік сабағы | | | | | | | | | | | + | + |
| БАРЛЫҒЫ | 43 | 2 | 4 | 3 | 2 | 3 | 3 | 4 | 3 | 3 | 4 | 1 | 11 |




Сканировано с CamScanner

# «ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет
- «Жер сағаты» экологиялық акция
- «Түлектердің ағаш егуі» экочеллендж
- «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акция

Сканировано с CamScanner

# «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

- Дебат
- Зияткерлік ойындар

Сканировано с CamScanner

# «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Күзгі асар» жәрмеңкесі
- Мамандықтар әлемі
- Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым
- «Мамандық марафоны» конкурсы

Сканировано с CamScanner

# «SMART BALA» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Startup» конкурсы
- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы

Сканировано с CamScanner

# «ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

- Челлендж «Даналық ұстаздан»
- «Ұлттық мәдениет» көрмесі
- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі
- Мектеп театры
- «Ананың аялы алақаны» челлендж
- «Әншуақ» фестивалі
- «Домбыра күні» концерт және көрме

Сканировано с CamScanner

# «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ

**Мақсаты:** кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

- Әдеби кеш / кітаптар көрмесі / кітап кейіпкерлерінің конкурсы
- «Кітаптар айналымы» акциясы
- «Шын жүректен кітап сыйла!» челлендж

Сканировано с CamScanner



## АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

| | |
|---|---|
| • Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру | қыркүйек айы |
| • «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі | қыркүйек айы |
| • «Отбасылық дәстүрлер» (Отбасы күніне арналған апталық) | мамыр айы |
| • «Балаларды қорғау күні» акциясы | маусым айы |
| • «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сыныптары | маусым айы |
| • «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» атааналарға арналған шеберлік сыныптары | сәуір айы |

Сканировано с CamScanner

# ҮЛГЕРІМ – ТӘРТІП – МЕКТЕП ФОРМАСЫ

## ТӘРТІП ПЕН БІРКЕЛКІ МЕКТЕП ФОРМАСЫ ОҚУ ОРТАСЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АРТТЫРАДЫ

### БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- ішкі тәртіп **ережелерін**, білім беру ұйымының **Жарғысын** сақтау;
- басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың мүдделеріне нұқсан келтірмеу, кішілерге көмектесу;
- тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау;
- физикалық қысым, қорқыту мен қорлаудан, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу.



### САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ:

- сабаққа кешікпеу;
- кезекші әкімшінің, сынып жетекшісінің немесе мейірбикенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау;
- үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау.

### ОҚУДА:

- оқуға және басқа да сабақтарға саналы түрде қарау, оқу орнында тәртіп сақтау;
- дәлелді себептерсіз сабақтан қалмау.

### МҮЛІККЕ ҚАТЫНАСЫ:

- мектептің мүлкіне, басқа адамдардың еңбегіне, жасыл желектерге ұқыпты қарау.



Сканировано с CamScanner

# БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЖӘБІРЛЕУДІҢ (БУЛЛИНГТІҢ) АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША «ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ



**МАҚСАТЫ:** білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және тиімді қарсы іс-қимыл жүйесін құру

## МІНДЕТТЕРІ:

**01** білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу, қолайлы әлеуметтік-психологиялық әл-ауқат құру бойынша білім беру ұйымының әкімшілігі, педагогтері мен қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру

**02** сыныптарда, жалпы білім беру ұйымдарында әлеуметтік-психологиялық климаттың диагностикасын тұрақты жүргізу

**03** білім беру ұйымдарында қақтығыстар болуы мүмкін жерлерді белгілеу (киім ауыстыратын бөлмелер, рекреациялар, дәретханалар, ББҰ аумағы және т. б.), бейнекамералармен жабдықтау

**04** білім беру ұйымында буллингке қарсы команда құру

**05** білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) белгілеріне жедел әрекет ету алгоритмін сақтау

**06** жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы бойынша 1-11 – сынып оқушыларының жобалық қызметін ұйымдастыру

**07** АПҚО-нда жәбірлеудің /буллинтің алдын алу бойынша ата-аналармен сабақтар өткізуді ұйымдастыру

**08** жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мақсатында білім беру ұйымының ақпараттық ресурстарын (сайт және т. б.) пайдалану

Сканировано с CamScanner

## БАЛАЛАРДЫ ЖӘБІРЛЕУДІҢ (БУЛЛИНГТІҢ) АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ «ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ПИЛОТТЫҚ ҰЙЫМДАРЫ

- Астана – 5
- Алматы – 6
- Атырау облысы – 9
- Абай облысы – 5
- Жетісу облысы – 5
- Ұлытау облысы – 5
- Алматы облысы – 5
- Жамбыл облысы – 5
- Түркістан облысы – 5




*2023 жылғы 10 айдағы ҚР БҚКК статистикалық деректерін талдау аталған өңірлер мынадай көрсеткіштер бойынша көш бастап тұрғанын көрсетеді:*

- **Балалар жасаған қылмыстық істердің динамикасы**
- **Балалар суицидінің динамикасы**
- **Балалар суициді әрекетінің динамикасы**

Сканировано с CamScanner

ӨРКЕН

# БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА ҚАТЫСТЫ ЖОБАЛАРДЫ ТИІМДІ БАСҚАРУЫ ҮШІН «МЕНІҢ БАУЫРЫМ» ЕРІКТІЛЕР ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ



Сканировано с CamScanner

## «МЕНІҢ БАУЫРЫМ» ЕРІКТІЛЕР ЖОБАСЫ

**ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:** «МЕНІҢ БАУЫРЫМ» ЕРІКТІЛЕР БАСТАМАСЫН БАЛАЛАР МҮДДЕСІ ҮШІН ҰЛТТЫҚ КЕҢ АУҚЫМДЫ ҚОЗҒАЛЫСҚА АЙНАЛДЫРУ

**ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

- Балалар мен жастар арасында көшбасшылық қасиеттер мен белсенді азаматтық ұстанымды дамыту;
- Балалар мен жасөспірімдерді және еріктілерді әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға тарту;
- Жауапты, бейімделген, дені сау тұлғаны қалыптастыру;
- Мектеп-Бала-Ата-ана қарым-қатынасының сапасын арттыру;
- Психологиялық-педагогикалық жұмыста студенттердің практикалық дағдыларын дамыту;
- Еріктілердің мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, білім беру ұйымдарымен, меценаттармен әлеуметтік әріптестігін дамыту;
- Теледидар және әлеуметтік желілер арқылы еріктілер жұмыстың оң имиджін насихаттау.

Еріктілер қызметін ұйымдастырушылар – ЖООлар, «Өркен» КЕАҚ ҚР ОАМ
Қолдау – Облыстық білім беру басқармалары және ЖАО
Әдістемелік сүйемелдеу – «Өркен» КЕАҚ ҚР ОАМ

Сканировано с CamScanner

# Еріктілер командалары және олардың міндеттері:

## Еріктілер командасының құрамы:



**Еріктілер үйлестірушілері- ЖОО қызметкерлері: 10 мектепке 3 ерікті**

Еріктілер топтарының қызметін ұйымдастырады



**ЖОО 3-4 курс студенттері:**

**10 ерікті: 2 мыңға дейін оқушысы бар мектепке**

**20 ерікті: 2 мыңнан астам оқушысы бар мектепке**

Мектептерде еріктілік қызметті жүзеге асырады

## Жұмыс бағыттары:

1. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау
2. Тәрбие жұмысы

**Міндеттері:**

- Балалардың құқықтарын насихаттау және балалардың мүдделерін қорғау бойынша әлеуметтік, қоғамдық акциялар мен іс-шаралар өткізу.
- Балалардың бұзылған құқықтарын қорғау және қалпына келтіру бойынша жедел жұмысты ұйымдастыру (заңгерлер, психологтар, әлеуметтік педагогтар)
- Девиантты мінез-құлықтың алдын алу
- Оқушылар мен жастарды тәрбие жұмысынан әлеуметтік жобалар мен тәжірибелерге тарту

Сканировано с CamScanner

# Еріктілер жұмысының түрлері, нысандары мен мазмұны

## Еріктілер қызметінің түрлері мен нысандары

Кеңес беру;

- Шеберлік сабақтары;
- Репетиторлық (білім олқылықтарын толтыру);
- Құпия әңгімелерді ашыңыз;
- Ата-аналарға арналған ақпараттық кездесулер;
- Ақпараттық компаниялар
- Сауалнамалар
- Қайырымдылық акциялары
- Ақпараттық материалдарды тарату
- Жобалау қызметі және зерттеу жұмыстары

**Нысандары:** онлайн, офлайн

## Еріктілер жұмысының мазмұны

- Қауіпсіздік жобалары
- Құқық бұзушылықтың алдын алудан жобалар
- Балалар-Ата-аналар қарым-қатынасын нығайту жөніндегі іс-шаралар
- Эмоционалды интеллектті дамыту жобалары
- Буллингке қарсы іс-шаралар

- Патриоттық және экологиялық тәрбие бойынша жобалар
- Рухани-мәдени жобалар
- Кәсіби бағдар
- Әлеуметтік тәжірибелер мен жобалар
- Даму жобалары:
  - қаржылық сауаттылықоқу сауаттылығы
  - IT сауаттылық
  - Steam дағдылары
  - бұқаралық спорт және СӨС

# «Жеке қауіпсіздік» тақырыбына әзірленген сабақтар



Астана, 2024 ж.

Сканировано с CamScanner

**МАҚСАТ:** БАЛАЛАРДЫ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕ ҚАУІПСІЗДІККЕ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ДАҒДЫЛАРҒА ҮЙРЕТУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫСҚА САНАЛЫ, ЖАУАПТЫ КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Мақсатты топ:**
- Мектеп жасқа дейінгі балалар
- Орта мектеп оқушылары
- ТжКБҰ студенттері

**Барлығы әзірленді:**
- **260** сабақ
- **239** сілтеме қазақ тілінде:

*118-видео, 86 постер, 35 презентация*
- **227** сілтеме орыс тілінде:

*117 видео, 85-постер, 25 презентация*



**Міндеттер:**
- ✓ Балалардың танымдық деңгейін арттыру
- ✓ Өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту
- ✓ Жауапты мінез-құлықты қалыптастыру
- ✓ Психологиялық дайындық
- ✓ Әлеуметтік құзыреттілік
- ✓ Ақпараттық қауіпсіздік

**!!! ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫ АПТА САЙЫН СЫНЫП САҒАТТАРЫНДА ЖОСПАРЛАНУДА (10 МИНУТ)**

Сканировано с CamScanner

## «ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САБАҚТАР

- Мектепалды даярлық (4-5 жас)
- Бастауыш мектеп (1–4-сыныптар)
- Негізгі мектеп (5–9-сыныптар)
- Орта мектеп (10–11-сыныптар) және ТжКБ (1–2-курстар)

Сканировано с CamScanner

**Мектепке дейінгі ұйымдар үшін (20 сабақ):**

1. ТЖ кезіндегі әрекеттер: ТЖҚ нөмірлері, қоңырау шалу скриптері
2. Үй-жайдағы қауіпсіздік
3. Көшедегі қауіпсіздік
4. Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіздік
5. Қауіпті заттар.

**1–4-сыныптар үшін (40 сабақ):**

1. ТЖ кезіндегі әрекеттер: ТЖҚ нөмірлері, қоңырау шалу скриптері
2. Үй-жайдағы қауіпсіздік
3. Көшедегі қауіпсіздік
4. Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіздік
5. Қауіпті заттар
6. Судағы, мұз үстіндегі қауіпсіздік
7. Интернеттегі қауіпсіздік.

**5–11-сыныптар мен ТжКБ үшін (70 сабақ):**

1. ТЖ кезіндегі әрекеттер: ТЖҚ нөмірлері, қоңырау шалу скриптері;
2. Көшедегі, көліктегі үй-жайлардағы қауіпсіздік;
3. Құқықтары мен міндеттері;
4. Судағы, мұз үстіндегі қауіпсіздік
5. Интернеттегі қауіпсіздік
6. Жасанды интеллект: қауіптер мен тәуекелдер;
7. Қаржылық сауаттылық, жұмысқа орналасу кезіндегі қауіпсіздік;
8. Салауатты әдеттер.

Сканировано с CamScanner

## № 1 САБАҚ. «ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ»

**Ұзақтығы: күні бойы**
**Топ: ересек (4 жастағы балалар)**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету.

**Негізгі міндеттер:**

- Балаларды «Жедел қызметтер» ұғымымен және олардың негізгі телефон нөмірлерімен таныстыру.
- Қандай жағдайда жедел қызметтеріне хабарласу керек екенін түсіндіру.
- Балаларға жедел қызмет операторына ақпаратты дұрыс әрі нақты хабарлауды үйрету.

**Материалдар мен ресурстар:**

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбынан мысалдарды көрсетуге арналған суреттер мен бейнелер.

Шұғыл қызметтердің телефон нөмірлері туралы жадынамалары бар үлестірме материалдар.

Рольдік ойындарға арналған телефондар, телефон аппараттары немесе ойыншық телефондар.

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**

Өрт сөндірушілер, полиция қызметкерлері және дәрігерлер мен олардың адамдарға қалай көмектесетіні туралы әңгімелесу.

Қайда және қалай телефон соғу керек: бейнеролик қарау.

Нұсқаулық:

- Қажетті телефон нөмірін теріңіз.
- Нақты әрі сабырлы сөйлесіңіз.
- Аты-жөніңізді, қай жерде тұрғаныңызды және не болғанын айтыңыз.

Сюжетті-рольдік ойын:

- Балаларды жұпқа бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екінші бала төтенше жағдай қызметкерінің ролін сомдайды.
- Әртүрлі жағдаяттар берілген карточкаларды таратыңыз (өрт, адам құлап қалды, біреу көшеде айқайлап жүр және т.б.).
- Бала қажетті нөмірді теріп, операторға ақпаратты жеткізуі керек.

Жедел қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау:

- Жедел қызмет телефон нөмірлерін ойын түрінде қайталау.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы, балалар үйде қайталау үшін жедел қызметтерінің телефондары жазылған карточкаларды тарату.

**Пайдалы сілтемелер:**

https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-1j
https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp
https://orken-instituty.kz/ru/roditelyam
https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index